

Қалыптастырушы бағалау жинағы. Химия 7 сыныпАбдильдина Ардак Саденовна
"А.Байтұрсынұлы атындағы №2 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ
химия пәні мұғалімі

1-тоқсан

Бөлім /Тақырып	7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар
Оқу мақсаты	7.1.1.1Химия ғылымының негізін оқытатынын білу
Бағалау критерий	Білім алушы ➤ Химияның ғылым ретіндегі анықтамасын құрастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білі және түсіну
Тапсырма	
1. Көп нүктенің орнына берілген тірексіз сөздерден таңдап алып «Химия» ұғымына анықтама беріңіз. Химия пәні - мен олардың, заттардың бір-біріне және осы айналумен қабаттаса жүретін ... туралы ғылым. Тірексіз сөздер: айналуы, қасиеттері, заттар.	
2. Берілген тізімнен денелер мен заттарды бөліп жаз: ас тұзы, парта, шыны, терезе, күміс, алтын алқа, орындық, фосфор, кесе, оттек.	
Дескриптор	Білім алушы – берілген тірексіз сөздерден таңдап алып «Химия» ұғымына анықтама береді – берілген тізімнен денелер мен заттарды бөліп жазады
1-сарамандық жұмыс	
«Химия кабинетіндегі қауіпсіздік техника және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу»	
Құрал-жабдықтар: сынауық, тұрғы, спиртшам, қысқыш,кәрлен табақ, қысқыш, сүзгі қағаз, колба, тампашуар, термотетр, химиялық стақандар, сынауық ұстатқыш.	
Жұмыс барысы:	
1. Химия оқулығы бойына 17-18 беттегі «Қауіпсіздік техника ережелерін» оқып шығыңыз.	
2. Берілген зертханалық құралдарды атап, суреттерін дәптерге салыңыз.	
Қортынды	
Дескриптор	Білім алушы - қауіпсіздік техника ережелерімен танысады; - зертханалық құралдарды атайды; - зертханалық құралдардың суреттерін салады.
Бөлім/Тақырып	7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар
Оқу мақсаты	7.1.1.2 Химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну
Бағалау критерийі	Білім алушы ➤ Химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін айтты ➤ Лабораториялық жұмыстарды орындағанда қауіпсіздік техникасының ережелерін түсіндіреді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Тапсырма	
1. а). Зертханада қышқылдардың ертіндісін алу үшін берілген суреттің қайсысы ереже бойынша дұрыс?	
Су Қышқыл	
Қышқыл Су	
Жауабы: А _____ ; В _____.	
б). Таңдаған суретті ереже бойынша түсіндіріңіз.	

Дескриптор Білім алушы
- берілген суреттерден ереже бойынша дұрыс суретті таңдап алады;
- химия зертханасында жұмыс жасау барысында сақталатын қауіпсіздік техникасының ережесін түсіндіреді.

2. Химия кабинетінде немесе зертханада тәжірибе жасардың алдында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажет. Қауіпсіздік техникасы бойынша берілген ережелерді жалғастырыңыз.

А) химия кабинетінде және зертханада тәжірибелер мұғалім немесе

Б) Жұмысқа тек қана таза,

В) Заттың иісін танып білу үшін ыдыстың ауызынан

Г) Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын

Дескриптор Білім алушы
- химия кабинетінде немесе зертханада тәжірибе жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері бойынша берілген сөйлемді жалғастырып жазады.

1-Зертханалық жұмыс

Заттар мен қосылыстарын салыстыру

Реактивтер мен құралдар: темір ұнтағы, күкірт, темір сульфиді, су, тұрғы, сынауық ұстатқыш, магнит, сынауық, спиртшам, сүзгі, кәрлен табақша, шыны таяқша, шпатель, құйғы, сіреңке.

Жұмыс барысы:

1. Берілген темір, күкірт, темір сульфидін қарап, сипаттамасын кестеге толтырыңыз.

2. Темірді және күкіртті салып шыны таяқшамен араластырыңыз.

3. Темір, күкірт және сульфидке магниттің әсерін зертте.

4. Суды әр үлгіге құйып, таяқшамен араластырып қойындар. Өзгерістерге назар аударыңыз.

5. Әр үлгіні қыздырыңыз. Бақылағаныңызды кестеге толтырыңыз.

Дескриптор Білім алушы
- темір, күкірт, темір сульфидін қарап, сипаттайды;
- темір және күкіртті араластырады;
- темір, күкірт және сульфидке магниттің әсерін зерттейді;
.суды әр үлгіге құяды;
- әр үлгіні қыздырады;
- бақылағанды кестеге толтырады.

Бөлім/Тақырып 7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар

Оқу мақсаты 7.4.1.1 Элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну

Бағалау критерии Білім алушы
➤ Элементті атомның белгілі бір түрінен тұратын зат ретінде сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіндіру

Тапсырма

1. а) Химиялық элементтің, қоспаның және қосылыстың құрамындағы атомның өзара орналасуы арқылы сипаттама бер.

Химиялық элемент _____

Қоспа _____

Қосылыс _____

б) Қоспа мен қосылыстың ұқсастығы мен айырмашылығын түсіндіріңіз

2. а). Таза заттар мен қоспаларды бөліп жаз.

ас тұзы, қышқыл ертіндісі, ауа, сүт, шырын, алтын, сода, газдалған су.

б). Таза заттар мен қоспаларға бөліп жазған себебін түсіндір.

- Дескриптор Білім алушы
- химиялық элементке сипаттама береді;
 - қоспаға сипаттама береді;
 - қосылысқа сипаттама береді;
 - теориясы тұрғысынан ұқсастығын түсіндіреді;
 - теориясы тұрғысынан айырмашылығын түсіндіреді;
 - таза заттар мен қоспаларды бөліп жазады;
 - таза заттар мен қоспаларды бөліп жазған себебін түсіндіреді.

- Бөлім/Тақырып 7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар
Оқу мақсаты 7.4.1.2 Таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу
Бағалау критерии Білім алушы
➤ Таза заттар бірдей атомдардан немесе молекулалардан тұратынын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну
Тапсырма

1. Берілген тұжырымдардан таза затқа жататын сипаттамаға «+» таңбасын белгіле.

Құрамына әр-түрлі бөлшектер кіреді	
Физикалық қасиеттері тұрақты	
Ертінділер, күймалар, ауа және т.б. таза заттарға жатады	
Таза заттарды қоспалардан әр түрлі әдіспен бөліп алуға болады	

- Дескриптор Білім алушы
- таза затқа жататын сипаттаманы белгілейді;

2. а). Берілген заттардың ішінен қоспаларды атаңыз:
ауа, алюминий балқымасы, хлор ертіндісі, газдалған су, қант, шырын.

б). Қоспаларға жататын себебін түсіндір.

- Дескриптор Білім алушы
- қоспаларды ажыратады;
 - қоспаларға сипаттама беріп түсіндіреді.

- Бөлім/Тақырып 7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар
Оқу мақсаты 7.4.1.3 Элемент (жай зат), қоспа және қосылыс түстіліктерін ажырата алу
Бағалау критерии Білім алушы
➤ Элемент, қоспа және қосылыс түстіліктерін жіктейді
Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

1. Қоспа мен қосылыстың ұқсастығы мен айырмашылығын сәйкестендір.

А. Қоспа Б. Қосылыс	1. Гомогенді және гетерогенді болады.
	2. Екі зат қосылғанда түстері өзгереді.
	3. Физикалық қасиеттері тұрақты.
	4. Заттар химиялық жолмен бөлінеді.

- Дескриптор Білім алушы
- элементтің қасиеттерін сәйкестендіреді;
 - қосылыстың қасиеттерін сәйкестендіреді;
 - қоспаның қасиеттерін сәйкестендіреді.

2. Төмендегі берілген келесі заттарды элемент, қоспа, қосылыстарға жіктеңіз: күкірт, иіс газы, ауа, магний, су, әктас, ас тұзы, тұз ертіндісі.

Элемент	Қоспа	Қосылыстар

Дескриптор	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> – элементтерді кестеге толтырады; – қоспаларды кестеге толтырады; – қосылыстарды кестеге толтырады; – элемент, қоспа, қосылыстарды ажыратады.
Бөлім/Тақырып	7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар
Оқу мақсаты	7.4.1.4 Қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу
Бағалау критерииі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> ➢ Заттың қасиеттері жайлы білімін қолдана отырып белгісіз затты анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Берілген кесте бойынша белгісіз заттар мен қасиеттерін сәйкестендіріз.

1. Химиялық элемент	Массалық қатынасы бойынша қосылады
2. Қоспа	Массалық қатынасына қарамай қосылады
3. Қосылыс	Атомның жеке бір түрі

Дескриптор	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> Элементтің қасиеттерін сәйкестендіреді Қоспаның қасиеттерін сәйкестендіреді Қосылыстың қасиеттерін сәйкестендіреді
Бөлім/Тақырып	7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар
Оқу мақсаты	7.4.1.5 Қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу 7.4.1.6 Қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу
Бағалау критерииі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> ➢ Қоспа түрлерін атайды ➢ Қоспаларды бөлуге қатысты қарапайым экспериментті жоспарлайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану

Тапсырма

1. Қоспалардың түрлерін атап кестені толтырыңыз.

Қоспаның құрамы	Қоспаның түрі
Мұнай + су	
Ас тұзы + су	
Темір ұнтағы + мыс ұнтағы	
Ағаш ұнтағы + су	

Дескриптор	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> • қоспалардың түрлерін атайды; • кестеге қоспа түрлерін толық жазып, кестені толтырады.
------------	--

2- Зертханалық жұмыс

«Ластанған ас тұзын тазарту»

Құрал-жабдықтар: құм, дистилденген су, ас тұзы, тұрғы, шыны стақан, шыны таяқша, кәрлен ыдыс, сүзгі қағаз, спиртшам.

Жұмыс барысы:

1. 1-суретке қарап, қоспадағы ас тұзы мен құмды ажырату үшін бөлу жоспарын жазыңыз.

2. Экспериментті жоспар бойынша жасап, кестеге бөлу әдістерін толтырыңыз

Қоспаның құрамы	Қоспаның түрі	Бөлу әдісі

3. Қорытынды жазыңыз.

Дескриптор

Білім алушы

- берілген қоспаны бөлудің жоспарын жазады;
- жоспар бойынша эксперимент жасайды
- Нәтиже бойынша кестені толтырады;
- Қорытындыны жазады